

## БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨЗЕКТИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

К.А. Аймағамбетова, Ж.Н. Сүлейменова

### Түйіндеме

Ең маңызды оқу құралы - оқулық. Оқулықтар білім беру жүйесінде мемлекеттік жүйенің тұтастығы шеңберінде қаралуы тиіс. Кітап баланың психикалық және әлеуметтік тұрғыдан дамуына ынталандырудың маңызды қайнар көзі болып табылады. Оқулық мазмұнындағы білімді қамтыған тақырыптар баланың жас, білім, психикалық ерекшеліктеріне лайық құрылуы тиіс. Мақалада бастауыш мектепте оқылатын жаратылыстану бағытындағы оқулықтар, оның білім берудегі басты мақсаты мен міндеттері, оған қойылатын талаптар шегі, сонымен қатар оқушылардың біліктілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін алғышарттар қарастырылады.

**Түйінді сөздер:** Бастауыш Мектеп, Оқулық, Жаратылыстану Білімдері.

Білім мазмұнының іргетасы бастауыш сыныптарда қаланатыны белгілі. Білім алудың алғашқы қадамында оқушыларға берілетін білім мен тәрбие негізіне келешекте жастардың дұрыс қалыптасуы тікелей байланысты.

Бастауыш сыныптарда білім берудің мазмұнын анықтайтын мемлекеттік құжаттар: мемлекеттік міндетті білім стандарты, оқу бағдарламалары және оқу жоспары. Аталған құжаттарда анықталған талаптарды орындауда басты мәселені шешетін - оқу-әдістемелік кешендер. Бұл кешендерге енетін кешенді құралдар: оқулық, оқулықты пайдаланудың әдістемелік нұсқауы, көрнекі құралдар, пәнге арналған оқу дәптері, түрлі үлестірмелі материалдар.

Мұның ішінде оқу-әдістемелік кешеннің ең бастысы оқулық болып есептеледі.

Оқулық мазмұны:

- мемлекеттік стандарт пен пән бағдарламасының талаптарына негізделіп жазылады;
- оның мазмұнына енетін материалдар оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне лайықты беріледі;
- оқу пәндерінің арасындағы және әрбір сынып аралық байланыстар қамтамасыз етіледі;
- қазіргі таңдағы ғылым мен техника жаңалықтары қамтылады;
- оқушыларға мазмұны жағынан терең, көлемі жағынан шағын түсінікті тілде берілу қарастырылады;
- оқулықтың әдістемелік аппараты мен көрнекілік тұстары тартымды, эстетикалық ұстанымы жоғары болуы тиісті;
- оқулықтың салмағы оқушылардың көтеруіне жеңіл, өте сапалы қағазға басылады.

Бұл мәселелер оқулықтың жалпы жазылуына қойылатын талаптар болса, оның мазмұнының дұрыс құрылуына қойылатын талаптар өз алдына бөлек. Мәселен, әрбір мәтін оқушының күнделікті өмірден көріп-біліп жүрген құбылыстары мен нысандарына байланысты қарауға жағдай туғызатындай болуы, оқушының тілін мен ойын дамытуға жәрдем ететін атаулар мен ғылыми ұғымдардың қамтылуы, сұрақтар мен тапсырмалардың деңгейлеп берілуі т.б. мәселелер. Оқулық білім беру

материалдарымен қатар, онымен жұмыс жүргізудің мақсаты мен мәнін де ашап отырады.

Оқулық даярлау, әсіресе, бастауыш сыныптарға арналаған оқулықтарды жазу қоғам дамуының әр кезеңдерінде ғалым-әдіскерлер, алдыңғы қатарлы оқытушылар мен тәжірибелі мұғалімдер үшін жауапты мәселелердің ең бастысы болған.

Әрине, оқулық жазуда Ресей ғалымдарының үлесі мол. Олардың ішінде ғалым-педагогтар А.Я.Герд, И.Д.Зверева, В.Г.Бейлисон, М.М.Скаткин, К.Сосницкий, Г.М.Донской, В.А.Онищук, К.Ф.Зайцева т.б. бар. Олар оқулық жазу үшін арнайы зерттеулер жүргізіп, педагогикалық, әдістемелік және психологиялық тұрғыдан оқулықтың қандай болуы қажеттілігін анықтап берді.

Мәселен, Д.Д.Зуевтің оқулыққа байланысты айқындаған идеологиялық, психологиялық, эстетикалық, полиграфиялық, экономикалық талаптары оқулық жазудың мазмұнына қойылатын негізгі өлшемдер болып табылады [1]. Оқулық жазу мәселелері қазақтың алдыңғы қатарлы ағартушы ғалымдарының да назарында болғаны анық. Олардың қатарында Ы.Алтынсарин, Ж.Аймауытұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабайұлы т.б. атай аламыз.

Қазақстан Республикасында 1968 жылдары білім беру мазмұнын қайта құрумен байланысты берілетін білімнің өлкетанулық тұстарын күшейтуге көңіл бөлінді. Осыған орай бастауыш сыныптарға барлық пән бойынша жергілікті жердің материалдарын қамтуға жағдай жасайтын оқулықтар жазу мәселесі қолға алынды. Осындай оқулықтардың бірі - 2- сыныпқа арналған «Табиғаттану» (Авторлары: Қ.Аймағамбетова, Б.В.Мұқанов) оқулығы болды. Осы кезден бастап бастауыштың барлық сыныптарына Қазақстан табиғатына негізделген оқулықтар жарық көріп, мектептердің қолданысына енді. Оқулық авторларының құрамына ғалымдар, әдіскерлер, тәжірибелі мұғалімдер енді. Олардың қатарында: К.Аймағамбетова, К.Жүнісова, А.Бірмағамбетов, Т.Мұсақұлов, Т.Кургулин т.б. болып, 1996 жылға дейін Қазақстан мектептерінде қолданыста болды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін Елбасы Н.А.Назарбаевтың ұсынуы бойынша Республикада бастауыш және орта мектептерге арналған жаңа буын оқулықтарын шығару қолға алынды. Бұл оқулықтар мазмұнында Қазақстанның табиғатын ғана емес, қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қамти отырып, оқушыларды Отанын сүйуге, ұлттық құндылықтарды сыйлауға, оның байлығын, мәдениетін, әдебиетін білуге тәрбиелеу жағы қарастырылатындай болды.

Оқушыларға білім беруге арналған оқулықтармен айналысу өте үлкен жауапкершілікті жүктейтіні ескеріліп, республикада арнаулы ғылыми-тәжірибелік «Оқулық» орталығы құрылды. Бұл орталық барлық білім беру деңгейлері бойынша оқулықтарды сараптамадан өткізумен айналысты. Сонымен қатар, жаңа авторларға көмек көрсету мақсатымен «Авторлар мектебі» деп аталатын әдістемелік семинарлар өткізіліп тұрды.

Оқулықтардың сапасын арттыру мақсатымен «Оқулық» орталығы арқылы жүйелі түрде бүкіл пәндер бойынша авторлармен семинарлар өткізіліп, онда тәжірибелі мектеп мұғалімдерін, әдіскерлерді, баспа қызметкерлерін қатыстырып, олардың оқулықты талқылауы жүргізіліп отырды. Осы арқылы оқулықтың тек мазмұны мен құрылысы

ғана емес, олардың полиграфиялық, тілдік, эстетикалық жақтары толық талданатын болды.

2006 жылы Білім және ғылым министрлігі арқылы «Жаңа буын оқулықтары: қазіргі жағдайы, дайындау мәселесі, болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіліп, онда жақын және алыс шеетелдерден келген белгілі ғалым-әдіскерлермен бірлесе отырып, қазіргі таңдағы оқулықтарды дайындаудың көкейкесті мәселелері талқыланды.

Оқулық жазу мәселесін жан-жақты қарастырудың басты себебі мұғалімнің оқушыға білім берудегі басты құралы оқулық болуымен, оның білімдік, тәрбиелік, жалпы айтқанда, көп жақты маңызы дұрыс және ғылыми негізделуіне байланыстылығы. Оқулықты пайдалану арқылы ғана мұғалім әр тақырып мазмұнының не мәселе қозғайтынын, оның білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мазмұнын көре алады. Оқулық арқылы ғана мұғалім оқушыға жүйелі түрде ғылыми ұғым қалыптастырады. Әрине, оқулықты дұрыс пайдалану, оның ғылыми мазмұнын ашу - мұғалімнің әдістемелік шеберлігіне байланысты жүзеге асатын өз алдына жеке мәселе.

Бұл жоғарыда айтылғаннан оқулық жазу мәселесінің мемлекеттік мәселе екенін және қаншалықты жауапты және күрделі екенін көреміз.

Көпшіліктің пікірінше, оқулықтың мазмұны тек оқушы үшін деген түсінік бар. Шындығына келсек, оқулықтың мазмұны, негізінен оқушыға бағытталады, сонымен қатар, оқулық ата-аналардың жәрдем беруіне керекті тұстарын да қарастырады, мұғалімнің баса көңіл аударатын мазмұнды да қамтиды яғни оқулық үшжақты мәселені шешуге арналады. Сонымен оқулық білім беруді жан-жақты қарастыратын күрделі де, маңызды оқу құралы болып есептелеп, оқушыларды дамытудың көзіне айналады.

Белгілі француз педагогі А.Шонне оқулықтың ұлтты қалыптастыратын феномен екендігін айтқан еді. Сондықтан да әрбір автор оқушының алғашқы білім, ғылыми ұғымдарды түсінуге ұмтылысын, қызығуын тудыратын және жүйелі білімін қалыптастыратын оқулық екенін ескеруі керек.

Академик М.В.Рыжаков оқулық мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатысты реттейтін және оқушыларды білімге ұмтылдыратын құрал деп көрсетеді. Қазіргі таңда оқулық мазмұнына қойылатын психологиялық, педагогикалық, дидактикалық талаптар күшейіп отыр. Оқулықты құруда оның білімдік, тәрбиелік, дамытушылық, ынталандырушылық және өздігінен білім алушылық қызметі ескерілуі тиісті.

Білім саласының алуан түрлілігіне қарай оқулықтар да сан алуан. Осылардың қай-қайсысын алсақ та жалпы оқулықтарға қойылатын талаптарды орындаумен қатар, өзіндік ерекшеліктерімен нақтыланады. Соның бірі бастауыш сыныптарда оқылатын «Дүниетану», «Қоршаған орта» немесе «Табиғаттану» деп аталатын пән. Пәннің ерекшелігі мен күрделілігі оқушыларға бүкіл жаратылыстану ғылымдарының бастамасынан білім беруге арналуында. Күрделілік жаратылыстану ғылымының бірнеше саласынан (география, ботаника, зоология, химия, физика, экология т.б.) берілетін білімді оқушылардың жас ерекшелігіне қарай іріктеумен байланысты туындайды.

Оқулықтың мазмұны бағдарлама талаптары бойынша оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып және ғылыми негізделіп, тәжірибелік талқыдан өткен, ғылыми деректерді, нысандарды, табиғат құбылыстарын қамтуға тиісті. Сондай-ақ берілетін ғылыми ұғымдар оқушыларды күнделікті қоршаған ортада кездесетін нақты нысандарға негізделуге тиісті.

Бұл оқушылардың күнделікті бақылау жүргізуіне жағдай жасап, қызығушылықтарын арттырып, салыстырып, әрбір құбылыстың себеп-салдарын табуға ұмтылдырып, білім берудің өлкетанулық қағидатын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Нәтижесінде оқулықтың оқушылардың жүйелі ойын дамыту, материал мазмұнын өмір тәжірибесімен байланыстыру, шығармашылық қабілеттерін және интеллектуальдық икемділіктерінің дамуына жағдай жасауға бағыттау қызметі артады.

Қазақстандық белгілі психолог М.Мұқанов бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін зерттей отырып: «Егер мектепке дейінгі кезде баланың ойын әрекеті басым болса, енді олардың психикасын оқу әрекеті қамтиды», - дейді. Яғни, оқушының психикасы, көңіл-күйі оқулық мазмұнымен байланыстылығын көреміз. Бастауыш сыныптан бастап оқушылар барлық пән бойынша ғылыми ұғымның негізін меңгеруге тиісті. Ғалым, психолог А.В.Усованың пікірі бойынша, кез келген пәннің мазмұнына ғылыми ұғымдар, деректер, табиғат заңдылықтары еруге тиісті [2]. Осы айтылған талаптарды қамтамасыз етуге негіз болатын пән - жоғарыда аталған «Дүниетану» пәні. Себебі, бұл пән бүкіл жаратылыстану ғылымының бастапқы ұғымдарын білуге бағытталған. Мұның мазмұнына мына материалдарға байланысты ғылыми ұғымдар енеді:

- географиялық: жердің пішіні, жер бедері, топырақ, су, ауа;
- биологиялық: тірі табиғат - өсімдік, жануар, олардың тіршілігіне қажетті жағдайлар, тіршілік ортасы, олардың бір-бірімен байланысы;
- физикалық: жылу және оның жер бетіне таралу заңдылығы;
- адам, табиғат, қоғам, олардың бір-бірімен байланысы, экологиялық мазмұндағы материалдар;
- химиялық: заттардың қасиеті (судың, топырақтың, ауаның, пайдалы қазбалардың т.б.);

Осыған қарап бастауыш сыныпта оқытылатын бұл пәннің бүкіл жаратылыстану ғылымының негіздерінен ғылыми ұғым беруге, олардың арақатысын ұғынуға жағдай жасауға арналғандығын көруге болады.

Сонымен қатар, бұл оқулықты жазуда ескерілетін басты мәселелер:

- оқулықта берілетін материалдар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы;
- оқу материалының тілі түсінікті, ұғуға жеңіл, қызықты, тартымды, көңіл-күйге жағымды әсер ететіндей болуы;
- жаңа материалдың мазмұны оқушылардың бұрын алғын білімдерін кеңейтіп, тереңдете түсуге жағдай жасауға тиісті;
- оқулықтың әдістемелік бөлімі оқушылардың жекебастық ерекшеліктерін ескеретін мақсатпен деңгейлеп берілуге тиісті [3].

Бірінші деңгей – оқулықтағы теориялық материалдарды меңгеруге бағытталуы. Екінші деңгей- теориялық материалды өмір тәжірибесімен байланыстыра білу (меңгерген білімін тәжірибе жүзінде пайдаланып, өзінің қызығушылығын арттыру). Үшінші деңгей

- шығармашылық әрекетін қалыптастыруға бағытталуы. Бұл талап оқулықтағы материалдың әрбір тарауы бойынша жүйелі түрде жүзеге асып отырады. Оқулық мазмұнының оқушылар үшін тартымды да қызықты болуы оның эстетикалық безендірілуіне де байланысты. Оқулықтың эстетикалық тұстарына географиялық карталар, сызбалар, суреттер мен бейнелі суреттер т.б. жатады. Бұлардың бәрі, біріншіден, мәтіннің мазмұнымен тығыз байланысты болса, екіншіден, эстетикалық талаптарға сай, үшіншіден, нақты заттар мен құбылыстарды өз мәнінде көрсететін, төртіншіден, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, көрнекі де тартымды болуға тиісті.

Қазіргі таңда Қазақстанда оқулық даярлауға байланысты ғылыми-әдістемелік тәжірибелер жинақталып, жоғарыда келтірілген талаптар дұрыс орындалуда.

### **Пайдаланылған Әдебиет**

Зуев Д.Д. Школьный учебник. Москва, Педагогика, 1983.

Усова А.В. Формирование у школьников научных понятий в процессе обучения. Москва, Педагогика, 1986.

Қ.Аймағамбетова. Дүниетануды оқытудың теориясы мен технологиясы. Алматы. Полиграфия, Сервис, 2006.